

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

**Балабақша-тәрбие мен білімнің мекені.**ЖАРИЯЛАНДЫ  
12.07.2022СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/123863/>

Тәрбие мен білім егіз ұғым. Ал, қазіргі заман талабына сай осы егіз ұғымды балабақша табалдырығынан бастап меңгертіп жатқанымыз белгілі. Ол дегеніміз балабақша бүлдіршіндерін тәрбиелей отырып, қазіргі заман талабына сай жан-жақты білім беру ол — білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде.

Балаларды-өсіп келе жатқан гүлдің өскіні деп алатын болсақ, сол өскінді өсіріп — баптау, оның әдемі өсуіне ықпал жасау әрине ол тәрбиешілердің қолында. Себебі тәрбиеші-балалардың бағбаны деп теңеу келтіріп жатамыз. Тәрбиеші осы балаларды тәрбиелей отырып өзінде тәрбиелей алады, балаларға ойын ұсына отырып, өзінде сол балалармен ойын ойнай алады, балаларға зерттеу жұмысын беріп, сол нәтижеге шығу үшін балалармен қызыға өзінде жұмыс жасай алады, яғни бұл дегеніміз баламен-бала болып, өзінде әлі кішкентай бүлдіршіндей сезіне алады. Сол себепті тәрбиеші балалармен бірге өседі, дамиды, жетіледі, және ең бастысы балаларымен бірге биік шыңдарды бағындырады. Ең қызығы балабақшада тәрбиеші қызметінде жүріп, әнде айтады, биде билейді, кейде рөлдерге бөлініп аюда, қоянда, түлкіде, итте, мысықта болады. Тіпте дәрігерде, полиция қызметкеріде болады, өртсөндірушіде, аспазшыда болады. Бұл дегеніміз тәрбиеші жан-жақты, барлық мамандықты сомдай алатын маман бола алады. Кейде ойлаймында, осы мамандар тәрбиеші рөлін сомдай алады ма екен?

Қазіргі заманға сай тәрбиеші, білікті маман, жан-жақты ұстаз болу үшін әліде тынбай еңбек етіп, білмегенді үйренім, білгенді жас мамандарға үйретіп, іс-тәжірибемен алмасу қажет деп ойлаймын. Себебі, бәсекеге қабілетті балаларды тәрбиелеп шығару қажет, ал ол үшін әрине тынбай еңбек ету қажет.

2022 жылды Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев “Балалар жылы” деп биылғы жылды балаларға арнады. Ал бұл дегенім балалардың жан жақты дамып, білім алуына, ойнап өсуіне тәрбиешілердің тікелей ықпалы тиіп, көп қажырлы еңбек атқаратынын айқындап тұрғандай.

Қазіргі заман талабына сай өнерлі, шығармашылыққа бай, жан-жақты дамыған, өздерінің жағымды жақтарын көрсете білетін, өз ойларын ашық айтатын ұрпақ

тәрбиелей отырып, мәңгілік ел болып қалыптасудың алғашқы қадамдары деп білемін. Салыстырмалы түрде сөйлейтін болсақ, кімнің пікірімен бөліссек те балабақшаға барған баламен, бақшаға бармаған баланың арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Қай жағынан болмасын – адамдармен қарым-қатынас жасағанда да, сөйлеу мәнерлерінде де, өз ойларын жеткізе білуде де тағысын сол сияқты көптеген құбылыстарда да айырмашылықты байқап жатамыз. Ата-ана балаларын балабақшаға берместен бұрын «ол жерде балам не үйреніп шығады, тәрбиеші қандай болады екен?»- деген сұрақтар мазалайтыны түсінікті. Балабақшадағы оқу қызметтері 5 сала бойынша жүргізіледі, ең бастысы ойын ойнай отырып біліммен, тәрбиемен сусындаймыз. Әр саланың балаға берер өз үлестері бар, мысалы таным саласы ойлауы мен танымдық қабілеттерін арттырады, қатынас саласы тілі мен сөйлеуін, шығармашылық саласы өнерге баулыса, денсаулық саласы салауатты өмір салтын ұстану керектігін үйретеді және әлеумет саласы айналадағы қоршаған ортамен тығыз байланыс жасауды үйренеді. Осы 5 саланы кіріктіріп, бір-бірімен байланыстыру арқылы балаларға түрлі ойын сабақтар ұйымдастырады.

Балабақша-тек балаға бас көз болып қарайтын, осы еңбектері үшін мемлекеттен жалақы алатын адамдардың жұмыс орны деп қарамау керек. Керісінше, балабақша менің балама білмегенді үйретіп, жақсыны беріп, жаманнан жирендіретін, білімді де білікті мамандардың ордасы деп білуі керек. Сонымен бірге балаларын өздерінен де асқан жауапкершілікпен бала тәрбиесіне мән беретін – сенімді тұлғалардың мекені деп те баға беретіндей дәрежеге жеткізуіміз керек.

Қорыта келіп, өмірін осы қызметке арнаған адамды, өз өнерін, бойындағы барлық қасиеттерін дарытқысы келетін адамды нағыз тәрбиеші деп атауға болады. Олай дейтінім болашаққа ізгілік нұрын себушілер. Сол ұлы тәрбиелі жолда шаршамайық, ізгілік нұрын себуші, жол нұсқаушы балабақша қызметкерлері.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.